

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2016» атты
XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2016»

PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2016»

2016 жыл 14 сәуір
Астана

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2016»
атты XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2016»**

**PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2016»**

2016 жыл 14 сәуір

Астана

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

Ғ 96

Ғ96 «Ғылым және білім – 2016» атты студенттер мен жас ғалымдардың XI Халық. ғыл. конф. = XI Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2016» = The XI International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2016» . – Астана: [http://www.enu.kz/ru/nauka/ nauka-i-obrazovanie/](http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/), 2016. – б. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-764-4

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

ISBN 978-9965-31-764-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2016

ЛАТЕНТТІК ҚЫЛМЫСТАРДЫ АЗАЙТУ ЖОЛДАРЫ

Амиркулов Шынгысхан Бакытжанович

shyngyskhan.amirkulov@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, заң факультетінің 2 курс студенті

Ғылыми жетекші- Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, заң факультетінің қылмыстық құқық кафедрасының доценті Муратханова Меруерт Бейсеновна.

Еліміздің құқықтық құрылымының толыққанды жұмыс істеп, ілгері басуы үшін макродеңгейлі нормалардың негізі болатын, өкінішке орай жүзеге асырала алмай қалып жататын құқықтық микроэлементтердің жұмыс сапасын арттыру керек. Нақтырақ айтсақ, бұл мақаламда латенттік қылмыстардың қаншалықты деңгейде қоғамға кері әсерін тигізетінін, және оларды азайтудың әдіс-тәсілдерін қарастырамыз.

Өмірде шын мәнінде 100% қылмысқа есеп жасап, сақтық шараларын қолданып, алдын алуымыз, жоспар құруымыз қажет, бірақ латенттік қылмыстылықтың кесірінен оның бір бөлшегін ғана (мысалға 37%) зерттеп қорытынды жасай аламыз. Ал бөлшек бүтіннің заңдылығын қашанда бере алмайтындығы баршаға мәлім. Жалпы қарапайым халыққа таңсық естілетін «латент» ұғымы заң аренасынан тысқары қалып қоятын фактілерді білдіреді. Бүгінгі таңда латенттік қылмыстарды зерттеу көбіне әлеуметтік бақылау, сауалнамалар жүргізу, анкета тарату, контент-сараптамалар жасау секілді өзге де әлеуметтік бақылау әдістерімен жүргізіледі. Бышевский Ю.В. мен Конев А.А. секілді ғалымдардың жүргізген зерттеулері бойынша адам өлтірудің 2%, адам денсаулығына орта дәрежеде зиян келтірудің, тонаудың, қарақшылықтың 8,6%, ұрлықтың 27%, зорлаудың 85%, паракорлықтың 98% латентті болып келеді екен. Фэлсафалық дүниесі бай ұлтымыздың «Ауруын жасырған өледі» деген сөздері осы ұғымен тығыз байланысты. Қашан да шындыққа тік қараған еліміз үшін жат дүние болудың орнына, қол сілтеп қоя беретін күнделікті тұрмыстағы үйреншікті жәйіт болып бара жатқанына сіз бен біз куәміз. Ең өкініштісі, осының барлығының эволюция мен акселерацияға жақын- жас буын, болашақ ұрпақтың құқықтық психологиясын бұзып жатқаны, шынайы бетпердесін бүкпесіз көре алмауы. Заңнамамыз бұл қылмыс түрін екі түрге бөліп қарастырады- табиғи және жасанды. Біріншісі, жәбірленушінің салғырттығымен, құқықтық санасының төмендігімен немесе заңға және сәйкесінше құқық қорғау органдарына сенімсіздігінен көрініс тауып, ешкімге жүгінбеуі. Екінші түрі керісінше құқық қорғау органдары қызметкерлерінің пара алу, қызметтік рейтингінің нашарлауына жол бермеу немесе өзге де мақсаттарды көздей отырып, келіп түскен өтінішті тіркемей, өз қолымен жасырылған қылмыстары ретінде көрініс табады. Бұдан шығатын қорытынды- құқық қорғау органдарының жұмыс сапасының жеткілікті дәрежеде болмауы, халықпен құқықтық байланысының төмендігі, жәбірленушінің талаптарын сәйкесінше қанағаттандыра алмай жататындығы, және бұл өз кезегінде еліміздегі «жасанды латенттіктің» кең етек алып, өзіндік кері әсерін тигізуіне үлес қосатындығы.

Дәл осы мәселелердің шешеімі Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың дамыған отыз елдің қатарына кіру жолында жариялаған «5 институционалдық реформа-100 нақты қадам» жолдауының 2-ші реформасында – «Заңның үстемдігін қамтамасыз ету» деп орнын тапқан. Ол бойынша Елбасы еліміздегі барлық құқық қорғау органдарына жауапты

міндеттемелер жүктеген болатын. Азаматтар тарапынан келіп түсетін түрлі өтініштермен жұмыс істеу, мемлекет пен азамат арасындағы қарым-қатынастың маңызды түрінің бірі екенін білеміз. Мемлекет билігінің сапалы қызметі азаматтардың билікке деген сенімін арттыра түспек. Тиісінше, құқық қорғау органдарының басым бағыттарының бірі азаматтардың өтініштерін уақытылы қарап, олар бойынша заңды шешім қабылдап, азаматтардың конституциялық құқықтарын мен мүдделерін қорғау. Сондай-ақ, болашаққа бастар 100 нақты қадамының 28,29,30 қадамдарына көз жүгіртетін болсақ, ішкі істер органдарының қызметкерлерінің іскерлік қабілеттілігі мен тұлғалық қасиеттерін арттыру үшін арнайы сүзгіден, іріктеуден өткізу жүйесін енгізу және полиция жұмысының ашықтығын қамтамасыз ету түрінде көрініс тапқан болатын. Шынында да, отансүйгіш, патриот, өз ісінің маманы, заңи санасы қалыптасқан, халыққа адал қызметкерлердің тапшылығы қоғамда айқын байқалуда. Оған мысал еліміздің қазіргі таңдағы жоғары жемқорлық көресткіштері. Яғни осы арқылы халықтың құқықтық санасын, заңи сауаттылығын, және тиісті органдарға деген сенемін арттырудың мынадай заңдылығын ұсынбақпын: жасанды латенттіктен (құқық қорғау органдары қызметкерлерінің тарапынан болатын заң бұзушылықтардан) құтылу- табиғи латенттіктің автоматты түрде азаюы, халықтың сенімінің бірте-бірте қалыптасуына, тіпті болашақта бұл қылмыс түрлерінің түбегейлі жойылуына әкеледі. Яғни, бұл жерде пропорционалды байланыстылықты байқауымызға болады- жасанды латенттіктің өсуі тікелей табиғи латенттіктің белең алуына әкеп соқтырады немесе керісінше, табиғи латенттіктің кемуі-жасанды латенттіктің кемуімен түсіндіріледі. Қазіргі таңда халықтың құқықтық сауаттылығын арттыруға бағытталған агитациялық, пропагандалық әдіс-тәсілдердің (бұқаралық ақпарат құралдары арқылы, банерлер, плакаттардың, стендтердің) пайдасы айтарлықтай деңгейде өз септігін тигізіп жатқаны шамалы. Себебі, күнделікті тіршілігін кешіп жатқан қарапайым халық үшін ешқандай да баптардың, заңи анықтамалардың немесе өзге де заңи арнайы білімнің емес, ол барып жүгінетін, көмек күтетін мемлекеттік қызметкерлердің «адамгершілік», «адалдық» қасиеттері әлдеқайда маңыздырақ. Сол себепті оларға сенімін жоғалтқан бұқараның, және содан туындайт латенттік қылмыстардың азаюы мемлекет қызметкерлерінің өз функцияларын заңға сүйене орындауына, және жоғарыда аталып кеткен принциптерді сақтауына тікелей тәуелді. Осы бағытта құқық қорғау органдарына бақылауды арттыру, қатаңдату, сондай-ақ, жоғарыда аталып кеткен 28-ші қадамда көрсетілгендей, кәсіби дағдыларын және жеке тұлғалық қасиеттерін тексеру үшін іс басындағы полиция қызметкерлері және қызметкерлікке кандидаттар үшін тестілеудің арнайы жүйесін енгізуіміз керек. Анықталған заң бұзушылықтар немесе жұмысына қатысты салғырттықтар үшін жауаптылықты да қаталдату шараларын қолданғанымыз жөн. Дегенмен де, бұл проблеманың реттелуі үшін шешілу жолдарын жан-жақты зерттеп, зерделегеніміз дұрыс. Қағазбастылыққа тәуелді, өз алдынан жүздеген, мыңдаған істерді өткізетін полиция қызметкерлері үшін әр іске қатысты жеке дара уақыт бөліп, толыққанды әрі түбегейлі қызмет атқару оңайға соқпайтыны айдан анық. Осы себепті кейбір қылмыстардың, әсіресе ұсақ құқық бұзушылықтарға қатысты істердің елеусіз қалып қоятындығы практика жүзінде кездесіп жатады. Осы жерде Рудольф Джулианидің «Сынған терезелер» теориясын ескеретін болсақ, дәл осы ұсақ құқық бұзушылықтар үлкен қылмыстардың бастауы, және оларды елеусіз, назардан тысқары немесе тиісті дәрежеде қарамау - үлкен қателік. 1994 жылғы қылмыстың қайнаған ошағына айналған Нью-Йорк қаласының мэрі Джулианидің айтуы бойынша: егер де үйдің терезесі сынған болса, онда жақын арада ол үйде міндетті түрде өзге

де қылмыстардың белгісі көрініс табады. Сол секілді вандализм, қайыршылық, ұрлық секілді ұсақ қылмыстармен бірінші кезекте күрескен болтын. Ал біздің елімізде, латенттік қылмыстардың көбеюі, жоғарыда аталып кеткен уақыт тапшылығы, кадрлар санының жетіспеушілігі секілді себептермен ұсақ қылмыстарға қатысты құқық қорғау органдарының дұрыс тергеу әрекеттерін жүргізбеуіне тікелей байланысты. Осыған орай кадрлар санын арттыру осы мәселенің бірден бір шешімі деп есептеймін. Ел аузында «заңгерлер көп, ал жұмыс жоқ» деген секілді сөздерді жиі естіп жатамыз, білімі мен талабы бар жастарымызды қызметке тартып, қоғамдағы жұмыссыздық дисбалансының деңгейін де төмендете алады екенбіз. Осы айтылғандарды ескермей, латенттік қылмыстың етек алуына жол беру қоғамға келесідей қауіп-қатерлер төндіреді:

- Қылмыстың ресми статистикада көрініс таппауы. Анықталмаған және ашылмаған қылмыстардың жиынтығының ресми статистикада көрініс таппауы қылмыстық саясаттың дұрыс жүргізілмеуіне әкеп соқтырады, сәйкесінше зерттелмеген қылмыстардың саны көбейіп, қылмыстық заңнама механизмінің дұрыс жұмыс атқаруына кедергі келтіреді.
- Құқық қорғау органдарының беделін түсіру. Латенттік қылмыстардың етек жаюы бұқара халық пен мемлекет тарапынан құқық қорғау органдарының сапалы әрі нәтижелі қызмет атқаруына күмән тудырады.
- Азаматтардың қылмыстылықпен күресудегі белсенділігін бәсеңдетеді. Себебі құқық қорғау органдары тарапынан болатын әрекетсіздікке халықтың реакциясы төмендейді.
- Қылмыс үшін көзделетін жауаптылық принципін жоққа шығарады.

Қорытындылай келе жоғарыда аталып өткен ұсыныстарды елмеу, құқық қорғау органдары тарапынан белсенді, заңи іс-әрекеттердің болмауы, азаматтар тарапынан түскен шағымдардың тіркелмеуі, дұрыс тергеп-тексерілмеуі латенттік қылмыс түрлерінің одан әрі дамып, өсе түсуіне жол ашатынын айтпақпыз. Сол себепті, біздің мақаламыздағы мәселелер тереңірек зерттелетін болса, қоғамдағы болып жатқан қылмыстардың латенттілік деңгейі едәуір төмендеп, құқық қорғау органдарының қызмет сапасы артып, қылмыстық заңнама механизмінің микробөліктерінің реттеліп, сәйкесінше халықтық құқықтық сауатының ашылуына зор септігін тигізеді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. ҚР Конституциясы 1995 жыл
2. ҚР Құқық қорғау органдары туралы заңдар жинағы
3. Мемлекет және құқық негіздері Баянов Е
4. ҚР Қылмыстық құқық А.Н.Ағыбаев
5. «Криминология» Жұмағали А.

УДК 349.2

ПРАВОВЫЕ АСПЕКТЫ ПРИМЕНЕНИЯ ПОЛИГРАФА ПРИ ПРИЕМЕ НА РАБОТУ

Антонова Валерия Олеговна

kler4ik--94@mail.ru

Магистрант 1 курса юридического факультета Южно-Уральского Государственного

Университета, Челябинск, Россия

Научный руководитель - А.В. Минбалеев